АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

2023 жс. 17 қазан

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4/545

город Алматы

Алматы қаласы Медеу ауданындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға ақша қаражатын бөлу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Азаматтық қорғау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларына сәйкес және Алматы қаласы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2023 жылғы 6 қазандағы хаттамасының негізінде, төтенше жағдайды жою, материалдық шығындарды төмендету, Алматы қаласы Медеу ауданының халқын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Қаржы басқармасы «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жергілікті атқарушы органның резервінен жалпы сомасы 1 998 405 060 (бір миллиард тоғыз жүз тоқсан сегіз миллион төрт жүз бес мың алпыс) теңге, оның ішінде 2023 жылы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға 1 228 314 840 (бір миллиард екі жүз жиырма сегіз миллион үш жүз он төрт мың сегіз жүз қырық) теңге ақша қаражатын бөлсін.

2. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) Алматы қаласы Медеу ауданы Керей-Жәнібек хандар көшесінің бойындағы «Мохнатка» және «Горельнию» тауларының баурайында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою бойынша жұмыстарды (қызметтерді) мемлекеттік сатып алу және апаттық қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырсын;

2) қаражаттың мақсатты жұмсалуын және олардың пайдаланылуы туралы есепті Алматы қаласы Қаржы басқармасына беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е. Досаев

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

17 октября 2023 г.

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4/545

город Алматы

О выделении денежных средств на ликвидацию чрезвычайной ситуации природного характера в Медеуском районе города Алматы

В соответствии с законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О гражданской защите», «О государственных закупках», Правилами использования резервов Правительства Республики Казахстан и местных исполнительных органов, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года №325, и на основании протокола заседания Комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций города Алматы от 6 октября 2023 года, в целях ликвидации чрезвычайной ситуации, снижения материальных потерь, обеспечения защиты населения Медеуского района города Алматы, акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Управлению финансов города Алматы выделить денежные средства коммунальному государственному учреждению «Аппарат акима Медеуского района города Алматы» из резерва местного исполнительного органа в общей сумме 1 998 405 060 (один миллиард девятьсот девяносто восемь миллионов четыреста пять тысяч шестьдесят) тенге, из них в 2023 году выделить 1 228 314 840 (один миллиард двести двадцать восемь миллионов триста четырнадцать тысяч восемьсот сорок) на ликвидацию чрезвычайной ситуации природного характера.

2. Аппарату акима Медеуского района города Алматы в соответствии с законодательством Республики Казахстан:

1) осуществить государственные закупки работ (услуг) по ликвидации чрезвычайной ситуации природного характера и аварийно-восстановительные работы на склонах гор «Мохнатка» и «Горельнию» вдоль улицы Керей-Жанибек хандар Медеуского района города Алматы;

2) обеспечить целевое использование выделенных средств и представить отчет об их использовании в Управление финансов города Алматы.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Алматы.

Аким города Алматы Е. Досаев